

Республикалық

# Жас қаламгер



Оқушылар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық журналы

№1 (01) 2025 тамыз

**МЕНШІК ИЕСІ**  
**ЖК «Жас қаламгер»**

**ДИРЕКТОР**  
Жазира Жеңісқызы

**БАС РЕДАКТОР**  
Қанжар Мырқы

Журнал Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникация министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық Ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік Бақылау комитетінде 10. 10. 2019 ылы тіркеліп, тіркеу туралы №KZ47VPY00015867 куәлігі берілген

**БІЗДІҢ МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ:**

120014, Қызылорда қаласы,  
Байсейітова көшесі 100 үй  
Тел: 8 707 510 08 91,  
8 778 380 53 74

**E-mail: [zhazi\\_0091@mail.ru](mailto:zhazi_0091@mail.ru)**

Журнал «БІЛІМ КЕНІ»  
редакциясында теріліп, беттеліп, «Принт»  
баспаханасында басылды.

Жарияланған материалдар редакцияның  
пікірін білдірмейді.

Мақаладағы мәліметтердің дұрыстығына  
авторлар жауапты.

Қолжазба өңделеді және қайтарылмайды.

**Меншікті тілшілер:**

Оразбекқызы Гүлжанат  
Ақмола облысы

Абылшеева Мадина Карахожаевна  
Ақтөбе облысы

Асқарқызы Салтанат  
Алматы қаласы

Амантаева Жадыра Аманбайқызы  
Түркістан облысы

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:



Бауыржан Жұмаханұлы Омаров - Қазақстанның мемлекет қайраткері, журналист, әдебиеттанушы, Филология ғылымдарының докторы, профессор, академик



Мединамов Дамир Бай Еділұлы - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитеті бұқаралық ақпарат құралдары саласына рұқсат беру басқармасының жауапты қызметкері



Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы - Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, тарих ғылымдарының докторы



Жұбанышов Берік Темірханұлы - Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Тарих кафедрасының бағдарлама көшбасшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор



Смагулова Гульшат Амантайқызы - Қызылорда облыстық оқу орталығының (әдістемелік кабинет) «Жалпы орта білім беру» бөлімінің меңгерушісі

## МАЗМҰНЫ

1. Мирамбеков Бақтияр .....	4
2. Айдарбек Рауан .....	5
3. Таубақабыл Каусар .....	6
4. Бақтыбаева Азима .....	7
5. Абдинаби Айқаракөз .....	8
6. Қалапберген Айкүміс .....	9
7. Нұрланқызы Айша .....	10
8. Алмасбай Айдын .....	11
9. Бақберген Нұрбақыт .....	12
10. Мұса Бибімариям .....	13
11. Аймаханов Әлісұлтан .....	14
12. Ғаниұлы Мәди .....	15
13. Сәкенұлы Рауан .....	16
14. Жұмағали Томирис .....	17
15. Аханұлы Хан .....	18
16. Қайрулла Шұғыла .....	19
17. Болат Ернур .....	20
18. Амангелдиева Асылнұр .....	21
19. Хамитова Айзере .....	22
20. Көлбаев Дәулет .....	23
21. Есенгел Айсұлу .....	24
22. Бержан Айару .....	25
23. Мухитдин Даниал .....	26
24. Бисенбай Ильяс .....	27
25. Сабыржан Нариман .....	28
26. Қанибайұлы Өмір .....	29
27. Мұрат Ибраһим .....	30
28. Серікбай Данышпан .....	31
29. Байғабыл Айым .....	32
30. Ілесбек Нурислам .....	33



## Менің арманым-футболист болу

Менің арманым — болашақта жақсы футболшыболу. Кішкентай кезімнен достарыммен мектепауласында футбол ойнағанды жақсы көремін. Футбол ойнағанда мен командамен бірге жұмысестуді, бір-біріне пас беріп, қорғанып және гол соғудың қызығын сезінемін. Күн сайын жаттығып,техникамды — допты дәл тебуді,пас беруді және доппен жылдам жүруді жетілдіргім келеді. Жаттығуларға ерте келіп, жаттықтырушының кеңесін тыңдап, денсаулығыма мұқият қараймын: дұрыс тамақтанып, жеткілікті ұйықтаймын және жарақаттан сақтанамын. Болашақта үлкен командада ойнап, елімнің намысын қорғап, жанкүйерлерге қуаныш сыйлағымкеледі. Арманым іске асуы үшін сабыр мен табандылық керек екенін білемін, сондықтан мен кішкентай қадамдардан бастаймын: аптасына бірнеше рет жаттығу, мектептегі дене шынықтырусабақтарына белсенді қатысу және матчтарғақатысу. Менің ойымша, футбол тек физикалық жаттығу ғана емес — ол достықты, жауапкершілікті және командада бірге жеңіскежетуді үйретеді. Сондықтан мен бұл арманымды орындауға бәрінен жоғары ынтамен барамын.



Қызылорда қаласы  
№5 мектеп-лицейінің  
4 «Ә» сынып оқушысы  
Мирамбеков Бақтияр

FOOTBALL



## Туған өлкем!

*Туған өлкем, ыстықсың зой сен маған,  
Құмыңды да, суыңды да сағынышпен еске алам.  
Қариясы мұрағаттай сақтаулы,  
Ата-анамды есіне алып мақтаған.*

*№5 И.В Панфилов атындағы мектеп-лицейінің  
4"Ә,, сынып оқушысы Айдарбек Рауан*





## МЕНИҢ АРМАНЫМ

ТАУБАҚАБЫЛ КАУСАР  
ҚЫЗЫОРДА ҚАЛАСЫ И. В. ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ  
№5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ 4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ



МЕНИҢ АРМАНЫМ – АТА-АНАМ ӘРҚАШАН АМАН ЖҮРСЕ ЕКЕН. ӘКЕМ ЖҰМЫСТАН ШАРШАМАЙ КЕЛСЕ, АНАМ ӘРҚАШАН КҮЛІП ТҮРСА, МЕН ҚАТТЫ ҚУАНАМЫН. ОЛАР АУЫРМАЙ, ҰЗАҚ ӨМІР СҮРСЕ ЕКЕН ДЕП ТІЛЕЙМІН. МЕНИҢ ТАҒЫ БІР АРМАНЫМ – БАУЫРЛАРЫМ АМАН БОЛСЫН. БІЗ БІРГЕ ОЙНАП, БІР-БІРІМІЗГЕ КӨМЕКТЕСКЕНДІ ЖАҚСЫ КӨРЕМІЗ. ОЛАР ЕШҚАШАН АУЫРМАСА ЕКЕН, ӘРҚАШАН ҚУАНЫШТЫ ЖҮРСЕ ЕКЕН ДЕЙМІН. МЕН ТУЫСҚАҢДАРЫМДЫ ДА ЖАҚСЫ КӨРЕМІН. ӘРҚАШАН ТАТУ БОЛЫП, БІР-БІРІМІЗГЕ ҚОНАҚҚА БАРЫП ТҮРСАҚ, КӨҢІЛДІ БОЛАДЫ. АҒАЙЫН-ТУЫСТАРЫМ ДА БАҚЫТТЫ БОЛСА ЕКЕН ДЕП АРМАҒДАЙМЫН.

МЕН ҮШІН ҮЛКЕН БАЙЛЫҚ – ОЛ ОТБАСЫМ. ЕГЕР АТА-АНАМ, БАУЫРЛАРЫМ ЖӘНЕ ТУЫСҚАҢДАРЫМ АМАН БОЛСА, ӨМІРІМІЗ ШАТТЫҚҚА ТОЛАДЫ. МЕНИҢ АРМАНЫМ – ОЛАРДЫҢ ӘРҚАШАН КҮЛІП, БАҚЫТТЫ БОЛУЫ.



# Менің болашақтағы арманым...

БАҚТЫБАЕВА АЗИМА  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 И. В. ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ  
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ 4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ



Әр адамның өз арманы бар. Менің болашақтағы арманым – өз орнымды тауып, отбасымды бақытты ететін жауапты және пайдалы іс істеу. Ең алдымен мен денім сау болып, жақындарымның да саулығына қамқор болуын қалаймын. Отбасымның қиналмай, көңілді өмір сүруі – мен үшін маңызды.

Мен математика пәнінің мұғалімі болуды армандаймын. Математика – тәртіп пен ойдың шынығуына көмектесетін пән. Мен балаларға есепті тек шешіп қана қоймай, оны қалай қызықты үйрету керектігін көрсеткім келеді. Оқушыларымның әрқайсысының табысқа жеткенін көру – ең үлкен қуаныш болар еді.

Сонымен қатар мен өз отбасымды қуантқым келеді: әке-шешеме және бауырларыма қажетті көмекті көрсетіп, анама ерекше сыйлық алып бергім келеді. Болашақта өзімнің үйім мен көлігім болғанын қалаймын, сол арқылы отбасымызға жайлы өмір сыйлағым келеді. Біздің бірге

саяхаттап, басқа елдерді көріп қайтуымыз да арманымның бір бөлігі – мысалы, Дубайға барып, отбасыма әсерлі демалыс сыйлау.

Арманға жету үшін мен үлкен еңбек етуім керек: жақсы оқып, өзімді дамытып, адамдармен дұрыс қарым-қатынас құруды үйренемін. Ұстаз болу үшін сабырлы, шыдамды және білімді болу қажет. Мен өз мақсатымды жүзеге асыру үшін қазірден бастап жауапкершілікпен дайындалып, кішкентай қадамдар жасаймын. Осылайша менің армандарым шындыққа айналады деп сенемін.




## КӨКТЕМ

АБДИНАБИ АЙҚАРАКӨЗ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ И. В. ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ  
№5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙДІҢ 4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

Тағы біздің далаға көктем келді,  
Кеудесіне сыйдырып өкпек желді.  
Гүл көмкеріп жер -Ана омырауын,  
Ақ жаңбыр астастырып көкпен жерді.

Тағы міне, шалқыды көктем нұры,  
Өз-көктемнің құшағы неткен жылы?  
Қайта оралып кеудеде күмбірледі,  
Қарбаласа құстармен кеткен жыры.



# МЕНИҢ ШАҒЫН ҚОҒАМЫМ — ОТБАСЫМ

ҚАЛАПБЕРГЕН АЙКҮМІС  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 И. В. ПАНФИЛОВ АТЫНДАҒЫ  
МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ 4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ




Отбасымда әкем, анам және бауырларым бар. Көпбалалы отбасы қатарынан болғанымызды мақтан тұтамын. Біз бірге тамақ ішіп, үй шаруасын бөлісіп, демалыс күндері серуенге шығамыз. Әкем бізді жауапкершілікке үйретеді, ал анам бізге жылы сезім мен қамқорлық береді. Отбасым мен үшін қолдау мен бақыт көзі.

Менің шағын қоғамым — отбасым біз бірге өмірдің қуанышы мен қиындықтарын бөлісеміз: біреудің көңілі түссе, бірге сөйлесеміз, біреу жетістікке жетсе — бірге қуаныштаймыз. Демалыс күндері бірге серуендеп, отбасылық әңгімелер айтып, ұлт-

тық дәстүрлерді сақтаймыз. Отбасымыздың ба-сты құндылықтары — сыйластық, жауапкершілік пен көмектесу. Мен отбасымнан шыдамдылықты және бір біріне деген махаббатты үйрендім. Болашақта өз отбасымды да осындай мейірімді және біртұтас ету үшін білім алып, еңбек етемін. Отбасым — менің шағын қоғамым, ол маған қауіпсіздік, тәрбие және шабыт береді.

Түсініктеме сөздер  
ҚОҒАМ — БІРГЕ ӨМІР СҮРЕТІН АДАМДАР ТОБЫ  
ШАҒЫН ҚОҒАМ — ОТБАСЫЛЫҚ, ЖАҚЫН АДАМДАР ТОБЫ  
МІНДЕТ — ОРЫНДАУҒА ТИІС ІС  
ДӘСТҮР — ОТБАСЫ ҰСТАНАТЫН ӘДЕТ ҒҰРЫПТАР  
ҚОЛДАУ — КӨМЕКТЕСУ, ЖАН ЖАҚТАН КӨМЕКТЕСУ





## ҰСТАЗ - ҰЛЫ ТҰЛҒА

НҰРЛАНҚЫЗЫ АЙША  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

ҰСТАЗ ДЕГЕН АРДАҚТЫ, ҮЛКЕН ҚҰРМЕТПЕН АЙТЫЛАТЫН СӨЗ. ОЛ БАРЛЫҚ АДАМДАРДЫҢ КІШКЕНТАЙЫНАН САУАТЫН АШЫП, ӨНЕГЕ ҮЙРЕТІП ТӘРБИЕ БЕРЕТІН, БОЛАШАҚҚА ЖОЛ КӨРСЕТЕТІН, АНАҒДАЙ МАҢДАЙЫҢНАН СЫЙПАП, ӘЛПЕШТЕЙТІН АДАМ.

ҒАЛЫМ ДА, БАТЫР ДА, АҚЫН ДА, ЕГІНШІ ДЕ, ЖҰМЫСШЫ ДА, ШОПАН ДА, БӘРІ-БӘРІ ҰСТАЗДАН БІЛІМ, ТӘРБИЕ АЛҒАН. СОНДЫҚТАН ДА ҰЛАФАТТЫ

ҰСТАЗДАР СІЗДЕРГЕ БҮКІЛ АДАМ БАЛАСЫ ҚҰРМЕТПЕН БАС ИЕДІ.

МҰҒАЛІМ-МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ. ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАБА БІЛУ БАСҚА АДАМДАРДЫҢ ҚОЛЫНАН КЕЛМЕСЕ ДЕ, ҰСТАЗДЫҢ ҚОЛЫНАН КЕЛЕДІ. БАЛАНЫҢ БАР ҚАБИЛЕТІН АШЫП, БІЛІМ БЕРГЕН ҰСТАЗДАРҒА ҚАНДАЙ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТСЕК ТЕ АРТЫҚ БОЛМАС. МЫҢ АЛҒЫС БАРЛЫҚ ҰСТАЗДАРҒА!



## ӨТІРІК ӨЛЕҢ

АЛМАСБАЙ АЙДЫН  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ



ЖҮЗІП БАРЫП АСПАНҒА,  
ЕКІ ТЕҢГЕ ЖАРАТТЫМ.  
ҚАЛТАМНАН АЛЫП ЖҰЛДЫЗДЫ,  
БАЛАЛАРҒА ТАРАТТЫМ.  
КҮН МЕН АЙДЫ ҚУШАҚТАП,  
ЖАСТЫҚ ҚЫЛЫП ҰЙЫҚТАДЫМ.  
КОМЕТАНЫ БІР ТІСТЕП,  
ДӘМІН БІРАҚ ҰҚПАДЫМ.  
АТ ЖАСАДЫМ АҒАШТАН,  
ҚҰС ЖОЛЫНДА ЖАРЫСТЫМ.  
ҒАРЫШТЫҢ КӨШЕЛЕРİNДЕ  
АКУЛАМЕН АЛЫСТЫМ.  
ТАУДАЙ БОЛҒАН ТОРҒАЙДЫ,  
ТЕРІП АЛЫП ҚАҚТАДЫМ.  
ТИТТЕЙ БОЛЫП БАРЫСТЫ,  
ҚАЗАНҒА САЛЫП БАПТАДЫМ.  
БАСЫНАН АСЫП ӨНЕРІ,  
ҚҰР ӨТКІЗБЕЙ ЖАЙ КҮНІН.  
ӨТІРІК ӨЛЕҢ ШЕБЕРІ,  
АЛМАТҰЛЫ АЙДЫНМЫН.





## МЕНИҢ БАҚШАМ

БАҚБЕРГЕН НУРБАҚЫТ  
Қызылорда қаласы №5 мектеп-лицейінің  
4 «Ә» сынып оқушысы

МЕНИҢ БАҚШАМ – МЕНИҢ ЖӘНЕ ӘКЕМНІҢ КІШКЕНТАЙ ҚҰТТЫ МЕКЕНІ. ӘКЕММЕН БІРГЕ БАҚШАМЫЗДЫ КҮТІП-БАПТАУДЫ ҰНАТАМЫЗ. КӨКТЕМДЕ БІРГЕ ОТЫРҒЫЗҒАН ГҮЛДЕРІМІЗ БЕН КӨКӨНІСТЕРІМІЗ ӨСІП, БІЗГЕ ҚУАНЫШ СЫЙЛАЙДЫ. ӘКЕМ МАҒАН БАҚШАНЫ ҚАЛАЙ ДҰРЫС СУАРУ МЕН АРАМШӨПТІ ЖОЮ КЕРЕКТІГІН ҮЙРЕТЕДІ. БІЗ БІРГЕ ШӨП ШАУЫП, ТОПЫРАҚТЫ ӨҢДЕЙМІЗ. ӘКЕМНІҢ КӨМЕГІМЕН БАҚШАДА ҚЫЗҒАЛДАҚ, РАУШАН ЖӘНЕ КӨКБАҚ ӨСЕДІ. СОЛ ГҮЛДЕРДІҢ АРАСЫНДА КӨБЕЛЕКТЕР МЕН ҚҰСТАР САЙРАП, БАҚШАМЫЗҒА ӨМІР ӘКЕЛЕДІ.

Сонымен бірге, әкеммен бірге жеміс ағаштарын қазып отырғыздық. Біз алма мен өрік ағаштарын баптап, күзде жемістерін бірге жинаймыз. Әкем бақшаны күзге дайындау үшін ағаштарды кесіп, жерді тыңайтқышпен байытады. Мен оған көмектесіп, шөптерді жинаймын.

Мен үшін бақшада әкеммен бірге болған сәттер өте бағалы. Ол маған еңбек ету мен табиғатты сүйюді үйретеді. Біздің бақшамыз – тек гүлдер мен жеміс ағаштары ғана емес, әке мен баланың достығының символы.



# ТУҒАН ҚАЛАМ ҚЫЗЫЛОРДА!

МұСА БИБИМАРИЯМ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ



ҚЫЗЫЛОРДА СЕН ЫСТЫҚ БОП ТҰРАСЫҢ!  
ДАРИЯНЫҢ СҰЛУ НЕТКЕН ЖАҒАСЫ  
КҮРІШТІ ҒОЙ МЫНА СЕНІҢ АЛҚАБЫҢ  
ҚАНДАЙ ҒАЖАП ӨЛКЕСІҢ ҒОЙ ДАРАСЫҢ!

ШАТТЫҚ СЫЙЛАР ӘР АДАМҒА БҰЛ ҚАЛА!  
БАУРАП АЛАР ӘНДЕРІ МЕН ЖЫРЛАНА,  
ҚЫЗЫЛОРДА КӨРІКТІСІҢ СЕН ҚЫМБАТ  
ТУҒАН ЖЕРІМ ДЕП АЙТАМЫН МАҚТАНА!





## ҰСТАЗЫМА

АЙМАХАНОВ ӘЛИСҰЛТАН  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

БІЛІМ БЕРГЕН ҰСТАЗЫМ,  
ЕҢБЕГІҢІЗ ЖАНДАНСЫН.  
ОЗАТ ОҚЫП ШӘКІРТТЕР,  
ҮМІТІҢІЗ АҚТАЛСЫН.

САУ БОЛСЫНШЫ ДЕНІҢІЗ,  
ЖАРҚЫРАЙ БЕР ҰСТАЗЫМ.  
ҚУАНЫШТАР КӨП БОЛСЫН,  
БАР ЖАҚСЫНЫ ТІЛЕДІМ.



## ӨТІРІК ӨЛЕҢ

Ғаниұлы Мәди  
Қызылорда қаласы №5 мектеп-лицейінің  
4 «Ә» сынып оқушысы



Бір пониге мініп ап,  
Аламан бәйгеге шабамын.  
Бас жүлдені жеңіп ап,  
Мен шабандоз боламын.

Пониге қанат саламын,  
Көкке самғап ұшамын.  
Ғарышқа барып понимен,  
Мен ғарышкер боламын.






## МЕНИҢ БОС УАҚЫТЫМДА АЙНАЛЫСАТЫН ІСІМ

СӘКЕНҰЛЫ РАУАН  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

Мен бос уақытымда қолөнермен айналысуды ұнатамын. Мен түрлі-түрлі материалдарды қолданамын: қағаз, бояу, түйме, жіп, тас және табиғи заттар. Қолөнер жасағанда мен жаңа нәрсені ойлап табамын және қолым шеберленеді. Сонымен қатар құрастырмалы роботтар жасағанды ұнатамын, себебі бұл менің ойлауымды, шыдамдылығымды және қол шеберлігін жетілдіреді. Алдымен эскиз жасап, қандай бөлшектер қажет болатынын ойлап табамын: қозғалтқыштар, доңғалақтар, сенсорлар. Құрастырып болғаннан кейін роботомды қозғалтамын және оның қандай тапсырманы орындағанын бақылаймын. Командада жұмыс істегенде пікір алмасып, жаңа идеялар тауып, үлкен жобаларға дайындалуға болады.



## СУРЕТ ТЕ СӨЙЛЕЙДІ

Жұмағали Томирис  
Қызылорда қаласы №5 мектеп-лицейінің  
4 «Ә» сынып оқушысы



Бос уақытымда сурет салғанды ұнатамын.

Сурет салу менің қиялымды дамытады және жан дүниемді тыныштандырады.

Әр түрлі түстермен ойнап, ойымдағыны қағаз бетіне түсіру маған үлкен қуаныш сыйлайды.





## СУРЕТ АРҚЫЛЫ ӨЗІМДІ ТАНИМЫН

АХАНҰЛЫ ХАН  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

МЕН СУРЕТ САЛҒАНДЫ ҰНАТАМЫН, ӨЙТКЕНІ ОЛ ӨЗ ОЙЫМДЫ, СЕЗІМІМДІ ЖӘНЕ АРМАҒДАРЫМДЫ ҚАҒАЗҒА ШЫҒАРУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ. СУРЕТ САЛҒАНДА МЕН ТЫНЫШТАЛЫП, АЙНАЛАМНАН ШАБЫТ АЛАМЫН: ТАБИҒАТ, АДАМДАР, ҚАЛА МЕН ҚИЯЛ ӘЛЕМІ — БӘРІ СУРЕТІМЕ АЙНАЛАДЫ. ҚҰРАЛДАР РЕТІНДЕ ҚАРЫНДАШ, ПАСТЕЛЬ, АКВАРЕЛЬ ЖӘНЕ АКРИЛДІ ЖИ ҚОЛДАНАМЫН. ӘРБІР ТЕХНИКАНЫҢ ӨЗ ЕРЕКШЕЛІГІ БАР: ҚАРЫНДАШПЕН НӘЗІК СЫЗЫҚТАР, АКВАРЕЛЬМЕН ЖҰМСАҚ ДАҚТАР, АЛ АКРИЛМЕН АЙҚЫН КӨЛЕМДІ ПІШІНДЕР ПАЙДА БОЛАДЫ. СУРЕТ АРҚЫЛЫ ӨЗІМДІ ТАНЫТЫП, ӨЗГЕЛЕРГЕ СЕЗІМІМДІ БІЛДІРЕ АЛАМЫН.




## БІЗДІҢ АУЛА

Қайрулла Шұғыла Сәбитқызы  
Қызылорда қаласы №5 мектеп-лицейінің  
4 «Ә» сынып оқушысы



Біздің ауламыз мен үшін ең ыстық мекеннің бірі. Әр күнгі ойынымыз да, қуанышымыз да осы аулада өтеді. Жақында Ауламыздағы ойын алаңын күрделі жөндеуден өткізіп, түрлі әткеншектер орнатып берді. Сондай-ақ біздің қауіпсіздігімізді қамтамасыз етіп, бейне бақылау камерасын да орнатқан. Біз достарымызбен доп ойнаймыз, велосипед тебеміз түрлі қызықты ойындар ұйымдастырамыз. Көршілеріміз де бір-бірімен өте тату. Әр демалыста көршілер аулаға сенбілік жасап, ауланы тазартып тұрады. Бұл ынтымақ пен ауызбіршіліктің белгісі. Мен үшін біздің аула тек ойын алаңы емес, достық пен мейірімге толы шағын әлем. Сондықтан ауламды қатты жақсы көремін.





## БОЛАШАҚТАҒЫ МЕКТЕБІМ ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

БОЛАТ ЕРНУР  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

Менің арманымдағы болашақ мектебі қазіргіден мүлде өзгеше болады. Ол биік әрі жарық ғимарат, сырты түрлі-түсті әйнектерден жасалған. Таң атқанда мектептің қабырғалары кемпірқосақтай жарқырап, алыстан көрінеді. Мектеп ауласында жеміс ағаштары мен әдемі гүлдер жайқалып өседі. Сыныптардың іші де ерекше. Әр үстелдің бетінде кішкентай экран бар, ол бізге тапсырмаларды көрсетеді. Ал кітаптар жай қағаз емес оларды ашсаң, кейіпкерлер сойлеп, сабақты түсіндіріп береді. Үй тапсырмасын орындау үшін бізге арнайы ақылды кітаптар көмектеседі: сұрақ қойсақ жауап беріп, дұрыс жолды көрсетеді. Сол себепті әр бала еш қиналмай, сабаққа қызығып дайындалады. Дене шынықтыру сабағында біз үлкен стадионда ойнаймыз. Әр баланың қалауына қарай футбол, волейбол, жүзу және гимнастика залдары бар. Қыста мұз айдынына барып, коньки теуіп, көңілді уақыт өткіземіз. Осылайша балалар әрқашан сергек, дені сау болып жүреді.

Өнер сабақтары да ерекше өтеді. Ән айтқанда сыныптың қабырғалары әуенмен бірге жарық шашып тұрады. Сурет салғанда біз салған суреттер экранға шығып, тіріліп кеткендей қозғалады. Бұл әр баланың қиялына қанат бітіреді. Әр сабақ қызыққа толы, әр күн қуанышпен өтеді. Мұғалімдер бізге жаңа нәрсені үйретіп қана қоймай, өмірге деген қызығушылығымызды оятады. Осындай мектепте оқыған бала білімді, тәрбиелі әрі бақытты болып өседі. Менің ең үлкен арманым – осындай ғажайып мектепте оқу.



## ЖАС СУРЕТШІ

Амангелдиева Асылнұр  
Қызылорда қаласы №5 мектеп-лицейінің  
4 «Ә» сынып оқушысы



Менің атым-Асылнұр. Достарым мені еркелетіп Асека деп атайды. Бос уақытымда сурет салумен айналысқанды жақсы көремін. Сурет салып түрлі түстермен жұмыс жасағанда өзімді еркін әрі бақытты сезінемін. Сонымен қатар, мен мектептен тыс уақытта қолөнер және тоғызқұмалақ үйірмелеріне қатысымын. Бұл үйірмелер маған шабыт сыйлап, қиялымды дамытады. Үйірмелерде достарыммен қызықты уақыт өткіземін. Болашақта атақты суретші болғым келеді.





# МЕН ӨМІРДІ ҚАЛАЙМЫН!

ХАМИТОВА АЙЗЕРЕ  
БАЙҚОҢЫР ҚАЛАСЫ №272 МЕКТЕБІ  
7 «А» СЫНЫБЫ

Қуанамын, шаттанамын бұл өмірде  
Қызығыпта қараймын мен өмірге  
Тек жақсылық орнасын, жер бетінде  
Кел балалар, бірігейік бәрімізде!  
Жер бетінен жояйық зұлымдықты,  
Жауыздармен нашақор арамдықты.  
Біз болмасақ осыны жоя тұғын  
Кім күресер жамандық жауыздықпен?  
Зұлымдық болдырмаймыз жерімізде  
Нашақор пайдасы жоқ біз бен сізге  
Келіңдер бір болайық елімізде.  
Көреміз бұл өмірдің дара шыңын,  
Бағындырып білімнің ең асқарын!

Адам деген бір әлем,  
Таңдай білсең дұрыс жол  
Жаман болма, жақсы бол  
Дініңді сен ластама.  
Есірткіге созба қол  
Нашақорға болма құл.  
Орныңнан тұр, алға жүр  
Күтіп тұр сені алдыңда,  
Болашаққа жарқын жол!



# МЕНИҢ ОТАНЫМ

КӨЛБАЕВ ДӘУЛЕТ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ



Отан әр адам үшін ыстық болады. Отан әрине отбасыдан басталады. Бала кезден Отанды сүюді, қорғауды білу керек. Адам тек өз туған жерінде еркін сезінеді. Мениң тілегім Қазақстанның астаны ашық, елімізде тыныштық болсын!

Әрбір жанға өзінің отбасы, туған-туыстары, жолдастары ыстық болса, Отан да адам баласына солай да ыстық. Отан десе адамның жүрегі езіліп, жүрекке жылы болып есептеледі. Кез- келген ұлт өкілдерінің өз Отаны бар екені айдан анық. Отан үшін отқа түс күймейсің-деген мақал бар. Расында да егер Отан үшін жаныңды қисаң, ол үлкен абырой. Отан үшін өлген адамның өзі өлгенімен, аты ешқашанда өлмейді. Тарихта мәңгі қалады.. Отан деген сенің туып өскен, кіндік қаның тамған жер ата-анаң, досың Отанға деген махаббат, сыйластықпен ұласса ол адамның рухани деңгейінің биіктігі: Дегенмен де Отанға деген маббат пен сүйіспеншілік, анаға деген махаббатпен тең.





## ҰСТАЗ ҰЛЫ ТҰЛҒА

ЕСЕНГЕЛ АЙСҰЛУ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

ҰСТАЗ - ұлы есім. ҰСТАЗ ДАНА АДАМ, ОЛ БАРЛЫҚ ОҚУШЫЛАРҒА ПАНА БОЛА БІЛГЕН КІСІ. ҰСТАЗДЫҢ САБИР-ЛЫЛЫҒЫНА, ДАНАЛЫҒЫНА БАРЛЫҚ АДАМЗАТ БАС ИЕДІ ДЕП ОЙЛАЙМЫН. КЕЗ КЕЛГЕН АДАМ ЕҢ АЛҒАШ ОСЫ ӨМІРГЕ АЛЫП КЕЛГЕН АНАСЫНА АЛҒЫС АЙТСА, ЕКІНШІ КЕЗЕКТЕ ӨЗИНЕ БІЛІМ БЕРГЕН, САПАЛЫ ІЛІМ БЕРГЕН ҰСТАЗДАРЫНА АЛҒЫСЫ ШЕКСІЗ БОЛУЫ ТИІС. БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ «ҰСТАЗДЫҚ - ҰЛЫ ҚҰРМЕТ. СЕБЕБИ ҰРПАҚТАРДЫ ҰСТАЗ ТӘРБИЕЛЕЙДІ. БОЛАШАҚТЫҢ БАСШЫСЫН ДА, ДАНАСЫН ДА, ҒАЛЫМЫН ДА, ЕҢБЕКҚОР ЕГІНШІСІН ДЕ, КЕНШІСІН ДЕ ҰСТАЗ ӨСІРЕДІ» ДЕГЕН СӨЗДЕРІНІҢ ЖАНЫ БАР, БАРЛЫҒЫ ДА МҰҒАЛІМНІҢ БІЗГЕ БЕРГЕН САРҚЫЛМАС БІЛІМІ МЕН БАҒА ЖЕТПЕС ТӘРБИЕСІНЕН БАСТАУ АЛАДЫ.

ҰСТАЗДЫҢ ЖҮЗИ ЖЫЛЫ, КӨҢІЛІ ЖҰМСАҚ КЕЛЕДІ. ӘР ОҚУШЫСЫН ӨЗ БАЛАСЫНДАЙ КӨРІП, ӨЗ БАЛАСЫНДАЙ АСЫЛ ТӘРБИЕСІН БЕРГЕН ҰСТАЗДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ӘРДАЙЫМ ЖОҒАРЫ БАҒАЛАНАДЫ. ҰСТАЗ - РУХЫ ТАЗА, ОЙ-ӨРІСІ БИІК, ҰЛТЫ МЕН ОТАНЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ ҮШІН ТЕР ТӨГІП, ШЫДАМДЫЛЫҚ ПЕН ТАҒБАҒЫЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТУШІ.

ҰСТАЗ БОЛУ - ӨЗ УАҚЫТЫН АЯМАУ, ӨЗГЕНІҢ БАҚЫТЫН АЯЛАУ. ӘР УАҚЫТЫМЫЗДЫ ҚҰРМЕТТЕП, МЕЙІРІМ ШУАҒЫМЕН БӨЛІСЕДІ. ӨМІРІН ҰСТАЗДЫҚҚА АРНАҒАН АДАМ ӨМІРІНІҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ҚҰРМЕТ КӨШЕМЕТКЕ ИЕ БОЛМАҚ.



## ҰСТАЗ - ҰЛЫ ЕСІМ

БЕРЖАН АЙАРУ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ



ҒАЛЫМ ДА, ШАХТЕР ДА БАС ИЕТІН,  
ҰСТАЗЫМ БАРСЕНІҢ ҚАСИЕТІҢ.

БІЛІМ БЕРГЕН, ОЙ БЕРГЕН, АҚЫЛ БЕРГЕН,

КӨЗ АЛДЫМНАН КЕТПЕЙДІ АСЫЛ БЕЙНЕҢ, - ДЕМЕКШІ, ҰСТАЗ ДЕГЕНДЕ МЕНІҢ КӨЗ АЛДЫМА АЯУЛЫ ҰСТАЗЫМ АЙГУЛ АПАЙ ЕЛЕСТЕЙДІ. ӨЙТКЕНІ АЙГУЛ АПАЙЫМНЫҢ МӘДЕНИЕТТІЛІГІ, АЙТҚАН АҚЫЛЫ, БЕРГЕН БІЛІМІ БІЗДІ ЖІГЕРЛЕНДІРЕДІ. ҚИЯЛЫМЫЗҒА ҚАНАТ БІТІРІП, АРМАНҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ. ӘРДАЙЫМ ДА ҰСТАЗДЫ СЫЙЛАЙ БІЛУ КЕРЕК. ӨЙТКЕНІ БАРЛЫҚ АДАМ БАЛАСЫ ҰСТАЗДЫҢ АЛДЫНАН ӨТІП БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ АЛАДЫ. БІЗ ҮШІН МҰҒАЛІМ БӘРІНЕН ДЕ ҚЫМБАТ, ӨЙТКЕНІ МҰҒАЛІМ - МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ. ҰСТАЗ БОЛУ - ЖҮРЕК ЖЫЛУЫҢ, МЕЙІРІМ ШУАҒЫҢ, АДАМГЕРШІЛІК ҰЛЫЛЫҒЫҢ БАЛАНЫҢ БОЙЫНА ДАРЫТУ. ҰСТАЗ БОЛУ - ШӘКІРТКЕ АТА-АНАСЫНДАЙ БОЛЫП ТӘРБИЕ СЫЙЛАУ. АЛ ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, АҒАРТУШЫ-ҒАЛЫМ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ «МҰҒАЛІМ - МЕКТЕПТІҢ ЖАНЫ» ДЕП БАҒАЛАҒАН. ОСЫДАН-АҚ, ҰСТАЗ ДЕГЕН - ҰЛЫ ЕСІМ ЕКЕНІН ТАЛАССЫЗ АҒҒАРУҒА БОЛАДЫ. СЕБЕБІ, ҰСТАЗҒА ДЕГЕН ҚҰРМЕТ БӘРІНЕН БИІК ТҰРАДЫ.





## АНА

МУХИТДИН ДАНИАЛ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

АНА СӨЗІН ЕСТІГЕНДЕ КӨЗ АЛДЫҢА АНАНЫҢ АЛАҚАНЫ, АЯЛЫ СӨЗІ ТҮСПЕСКЕ ҚОЙМАС. АНА СЕНІ ТОҒЫЗ АЙ, ТОҒЫЗ КҮН БОЙЫ ҚҰРСАҒЫҢДА ҚОРҒАП, СЕН ДҮНИЕГЕ КЕЛЕМ ДЕГЕНШЕ ҚАНАТТЫҒА ҚАҚТЫРМАЙ, ТҮМСЫҚТЫҒА ШОҚТЫРМАЙ ДҮНИЕГЕ АЛЫП КЕЛЕДІ. ДҮНИЕ ЕСІГІН АШҚАНДА ЕҢ АЛДЫМЕН ШЫРЫЛДАП АНАҢДЫ ІЗДЕП БАҒАСЫҢ. АНАҢМЕН ТАБЫСҚАНДА ҒАНА ЖАНЫҢ ЖАЙ ТАБАДЫ. АНА МЕН БАЛА ТАБЫССА, ОЛАРДЫ ЕШКІМ АЙЫРА АЛМАС. ҚАЗІР АНА МЕН БАЛА БІР - БІРІМЕН БІРЕУ АЙЫРМАЙ - АҚ, ӨЗ БЕТТЕРІМЕН АЙЫРЫЛЫСЫП КЕТІП ЖҮР. СОНДА АНА МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ МАХАББАТ ПЕН ҮЗІЛМЕС БАЙЛАНЫС ҚАЙДА ҚАЛАДЫ? ОНЫ ҚАЙДА ЫСЫРЫП ТАСТАЙ АЛАМЫЗ? БІЗ ДЕ ЖҮРЕК ҚАЛМАҒАН БА? ӘЛДЕ СОЛ ЖҮРЕКТІ ЖІБІТЕТІН ЖАН ҚАЛМАҒАНЫ МА? АНАСЫ БАЛАСЫН ТУАРЫН ТУЫП АЛЫП, ҚОҚЫСҚА ТАСТАП КЕТКЕНІ ҚАЙ САСҚАНЫ? ТИТТЕЙ ДЕ БОЛСА АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТІ БОЛСА, ЖАНЫНЫҢ БІР БӨЛШЕГІ БАЛАСЫН ЕҢ БОЛМАҒАНДА БАЛАЛАР ҮЙІНЕ ТАПСЫРСА БОЛАР ЕДІ? БҰҢДАЙ АДАМДАР АДАМГЕРШІЛІККЕ ҚАРАҒАНДА ЖАМАНДЫҚҚА ЖАҚЫН БОЛАР, СІРӘ. АЛ БАЛАСЫ АНАСЫН ҚАЙРАТЫ ҚАЙТЫП ҚАРТАЙҒАНДА КЕРЕКСІЗ ЕТІП ЛАҚТЫРЫП ТАСТАЙДЫ. ТУРА БІР ЗАТ СЫҢАЙЛЫ. ЖАҢА КЕЗІНДЕ ПАЙДАЛАНЫП, ЕСКІРГЕН КЕЗІНДЕ ДАЛАҒА ТАСТАЙДЫ. ҚАРТ АНАСЫН ҚАРТТАР ҮЙІНЕ ӨТКІЗІП, АНАСЫНЫҢ ЖҮРЕГІН ЖАРАЛАП ТАСТАП КЕТЕТІН АДАМДАРДЫ ТҮСІНБЕЙМІН. АНАСЫ ОНЫ ЖЫЛДАР БОЙЫ АСЫРАП, БАҒЫП - ҚАҒЫП, ЕШКІМНЕН КЕМ ҚЫЛМАЙ ӨСІРДІ. АНАСЫНЫҢ ҚАДІРІН БІЛМЕГЕН АДАМ, АНА АТАНУҒА ЛАЙЫҚ ЕМЕС.

АНАҒА ДЕГЕН ПАРЫЗЫҢДЫ ӨМІР БОЙЫ АЯЛАП ӨТСЕҢ ДЕ ӨТЕЙ АЛМАЙСЫҢ. ҚАЗІР АНА ДЕГЕН СӨЗ СІРЕК ТЕ БОЛСА АЙТЫЛАТЫН ШЫҒАР ДЕГЕН ҮМІТТЕМІН. НЕГЕ БҰЛАЙ ДЕДІМ? СЕБЕБІ БІР - АҚ НӘРСЕ: «АНА» СӨЗІНІҢ «МАМА» СӨЗІНІҢ ТАСАСЫНДА ҚАЛЫП ҚОЮЫ. СОНДА МАМА СӨЗІНІҢ ҚАНДАЙ ЕРЕКШЕЛІГІ БОЛҒАНЫ? КЕРІСІНШЕ, АНА СӨЗІНІҢ ҚҰДІРЕТІНЕ ШЕК ЖЕТПЕЙДІ ЕМЕС ПЕ? АНА СӨЗІ ЕРТЕ КЕЗДЕН КЕЛЕ ЖАТҚАН ҚАЗАҚ СӨЗДЕРІНІҢ БІРІ. АЛ МАМА БІЗГЕ ЖАТ СӨЗДІҢ БІРІ БОЛУЫ ТИІС ЕДІ. БІРАҚ, БІЗ БҰЛ СӨЗДІ ЖАНЫМЫЗҒА ТЫМ ЖАҚЫН ЕТІП АЛДЫҚ. ӨЗІ ДЕ ҚАЗАҚ СӨЗІ ЕМЕС, АЛ АНА СӨЗІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ҚАЗЫНАСЫ. ЕГЕР БІЗ ҚАЗІРДЕН ТІЛІМІЗДІ ДҰРЫСТАМАСАҚ, КЕЙІН КІМ БОЛЫП КЕТЕТІНІМІЗ БЕЛГІСІЗ. СОНДЫҚТАН, АНА СӨЗІН ДЕ, АНАНЫҢ ӨЗІН ДЕ АЯЛАЙ БІЛЕЙІК.



## БІЗГЕ ТАЗА ӘЛЕМ КЕРЕК!

БИСЕНБАЙ ИЛЪЯС  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ



“ТАЗА БОЛСА ТАБИҒАТ, АМАН БОЛАР АДАМЗАТ, ТАБИҒАТ, СЕН – ТІРШІЛІК ТҰНЫП ТҰРҒАН, СЕН – КҮНСІҢ, КӨТЕРІЛГЕН КҮЛІП ҚЫРДАН, СЕН – КӨЛСІҢ, СЕН – ОРМАНСЫҢ, СЕН – БҰЛБҰЛСЫҢ, АДАМҒА СҰЛУЫҚТЫ ШЫН ҰҚТЫРҒАН”, – ДЕП АҚЫН АҒАМЫЗ САДЫҚБЕК ХАНГЕЛДИН ЖЫРЛАҒАНДАЙ, ТАБИҒАТ КҮЛІ ТІРШІЛІК АТАУЛЫНЫҢ ҚҰТТЫ ҚОНЫС МЕКЕНІ, АЛТЫН ҰЯ БЕСІГІ, ҚҰТ-БЕРЕКЕСІ.

АДАМ ҮШІН ТАБИҒАТ – ЕҢ ҚАСИЕТТІ ДЕ ҚАСТЕРЛІ ҰҒЫМ. ӨЙТКЕНІ, АДАМНЫҢ ӨЗІН ДҮНИЕГЕ ӘКЕЛЕТІН АЯУЛЫ ДА, ҚАДІРЛІ ЖАН – АНАСЫ БОЛСА, АДАМНЫҢ ТАБИҒАТТЫ “АНА” ДЕП ҚҰРМЕТТЕУІНДЕ ӨТЕ ҮЛКЕН МӘН ЖАТЫР. АДАМ – ТАБИҒАТТЫҢ БІР БӨЛШЕГІ ӘРІ ҒАЖАЙЫП ТУЫНДЫСЫ. АДАМНЫҢ ТАБИҒАТСЫЗ ӨМІР СҮРУІ МҮМКІН ЕМЕС. СЕБЕБІ, АДАМ ӨМІРІНЕ ҚАЖЕТТІ ЗАТТАРДЫҢ БАРЛЫҒЫН ТАБИҒАТТАН АЛАДЫ.

ТАБИҒАТ – СӨЗ ЖЕТПЕС СҰЛУЫҚ, БАҒА ЖЕТПЕС ҚАЗЫНА, КӨЗ ТОЙМАЙТЫН ӘСЕМДІК, АЙТЫП ЖЕТКІЗЕ АЛМАЙТЫН ҚЫРЫ МЕН СЫРЫ МОЛ ҚҰБЫЛЫС БОЛҒАНЫМЕН ҚАЗІР СОЛ ТАБИҒАТ НАШАРЛАП, ЛАСТАНУДА. СОНЫҢ САЛДАРЫНАН АДАМ ӨМІРІНЕ ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙ ТУДЫРУДА. ОСЫ ТАҢДА, БІЗДІҢ МЕМЛЕКЕТІМІЗДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТТІ АРТТЫРУДА КӨПТЕГЕН БАҒДАРЛАМАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛЫП КЕЛЕДІ. СОНЫҢ БІРІ «ЖАСЫЛ ЕЛ» БАҒДАРЛАМАСЫ.

СОНДАЙ АҚ, МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ ЖОМАРТ ТОҚАЕВ КЕМЕЛХЛЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА, БИОЛОГИЯЛЫҚ ӘРТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ МЕН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЛАРЫН БЕКІТКЕН БОЛАТЫН. ОСЫ ЖОСПАР БОЙЫНША ӘРБІР МЕКЕМЕЛЕР ЖҰМЫС АТҚАРЫП КЕЛЕДІ.

БІЗ ТАБИҒАТТАҒЫ ӘРБІР ЖАЙҚАЛЫП ТҰРҒАН АҒАШҚА ҚАМҚОРЛЫҚ ТАНЫТУЫМЫЗ ҚАЖЕТ. БІЗГЕ ТАЗА ӘЛЕМ КЕРЕК!





## МЕНИҢ АРМАНЫМ – МЕНИҢ БОЛАШАҒЫМ

САБЫРЖАН НАРИМАН  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

Үлкен АРМАН КЕРЕК ЕКЕН АДАМҒА, – деп Мұхтар Шаханов жырлағандай арманшыл ақынның осы бір өлең жолдары маған да үнемі ой салады. Адам армандаудан шаршамауы керек. Арман мақсатқа жетелері анық. Мақсат – адамның өмірде қалыптасуына, өз орнын тауып, жақсы өмір сүруіне ұмтылдырады. Арман адамның өзін өзі тануы, бағалауы тұрғысында да өз септігін тигізеді. Ол адамды өмірге қызықтырады, шабыт береді, жігерлендіреді.

Менің де алдыма қойған мақсаттарым, асқақ арманым бар. Ол арманым – журналист болу. Мен ол мамандықты сүйемін, ұнатамын, тіпті сол салада жұмыс жасайтын адамдарды сыйлаймын және оларға қатты қызығамын. Маған кішкентай кезімнен жаңалық көрген ұнайтын еді. Теледидардағы диктордың түрі, сөйлеу мәнері, өзін өзі ұстауы, киім киісі айрықша әсер ететін. Ал өткір тілді журналистердің сөз саптауы, жедел сұхбат алғанын көріп, соларға ұқсауға тырысатынымын.

Мектеп қабырғасында білім ала жүріп, болашаққа да саяхат жасап қоямын. «...Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап...» деген Абай атамның сөзін болашағымның бағдаршамы деп білемін. Қазіргі кезде жастар жағы смартфон, әлеуметтік желіге байлаулы деген пікірлерді жиі естіп жүрміз. Дегенмен ол әр адамның өзіне байланысты деп ойлаймын.


Оқушы кезден газет-журнал оқығанды жақсы көремін. Үйге келетін газеттен жақсы бір мақала оқысам, сондағы өзіме ұнаған сөз тіркесін немесе әдемі ой-пікірді шағын қойынкітапшама жазып қоямын. Ал кітап оқу – менің сүйікті ісім. Қолым қалт еткенде көркем шығарма оқуға тырысамын. Үстіміздегі оқу жылында оқитын әдеби кітаптардың тізімін құрап, кітаппен бұдан да жақын дос боламын деп шештім. Өйткені журналист болу үшін сөз өнеріне жақын болу керектігін түсінемін. Журналистика мені жан-жақтылығымен баурап алды.

Менің арманым – менің болашағым. Адам өзінің ойлаған арманына ақыл-парасатымен, білімімен жетеді ғой. Еркін ойлайтын, жаңашыл журналист болғым келеді.



## ӘКЕШІМ АСҚАР ТАУЫМ

ҚАНИБАЙҰЛЫ ӨМІР  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ



ӘКЕ АСҚАР ТАУ, ШЕШЕ МӨЛДІР БҰЛАҚ. ӘКЕ БАЛА ҮШІН ӘРДАЙЫМ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУШІ, ОНЫ ТІРЕУШІСІ, АСЫРАУШЫСЫ. ӘР БАЛАНЫҢ ӨМІРІНДЕГІ ӘКЕ ОРНЫ ЕРЕКШЕ, СОЛ СЕБЕПТЕН ДЕ ӘКЕЛЕРІМІЗДІ МӘҢГІЛІК ҚҰРМЕТТЕП, КІШПЕЙІЛ БОЛА БІЛУІМІЗ ҚАЖЕТ. ӘКЕМІЗДІҢ АРҚАСЫНДА БІЗ МАТЕРИАЛДЫ ЖЕТКІЛІКТІ БОЛЫП КЕЛЕМІЗ. ЕГЕР АТА-АНАМЫЗ БОЛМАҒАНДА БІЗДІҢ КҮНІМІЗ НЕ БОЛАР ЕДІ ДЕСЕҢІЗШІ. БІЗ ҮШІН АЯНБАЙ ЕҢ ЕТІП, ЫСТЫҚ ДЕМЕЙ, СУЫҚ ДЕМЕЙ ҚАРНЫМЫЗДЫ ТОЙДЫРАТЫН ДА, КИІМІЗДІ БҮТІНДЕЙТІН ДЕ ОСЫ ӘКЕЛЕР.

ӘКЕ ТІРБИЕСІ БАЛА ПСИХИКАСЫНДАҒЫ ЕҢ МАҢЫЗДЫ КЕЗЕҢ ДЕП АЙТА АЛАМЫН. БІЗДІҢ БІРАЗ ЕРКЕЛІКТЕРІМІЗ БҰЛ КІСІГЕ ҰНАЙ БЕРМЕЙДІ, ДЕСЕ ДЕ ОЛ БАЛАЛАРЫ ҮШІН ЕҢ ЖАҚСЫСЫН ТІЛЕЙДІ. ШАҢЫРАҚТЫҢ БАР АУЫРТПАЛЫҒЫН КӨТЕРІП, ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕУШІСІ БОЛА БІЛЕДІ.

МЕН ДЕ ӨЗ ӘКЕМНІҢ ЖҮЗІНЕН ТЕК САБЫРЛЫ, ҚАЙРАТТЫ АДАМДЫ КӨРІП ДАҒДЫЛАНДЫМ. ДЕСЕ ДЕ, ӘКЕМ МЕНІҢ МАҢДАЙЫМНАН ИСКЕП, БАСЫМНАН СИПАҒАНДА ОСЫ ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ТӘРТІПТІ БАЛАДАЙ СЕЗІНЕМІН.

ҚАШАН ДА ҚАМҚОР БОЛҒАН САҢ ҮМІТКЕ,  
ӨТЕРМІН САҚТАУМЕНЕН САЛТЫҢДЫ ӘСЕМ.  
КӨНБЕЙ МЕ КӨҢІЛ ШІРКІН КӘРІЛІККЕ,  
ӨКПЕЛЕП ҚАЛМАЙСЫҢ БА «ҚАРТЫМ» ДЕСЕМ!

АЙТАРЫМ, ӘКЕЛЕРІМІЗДІ ҚҰРМЕТТЕП ӨТЕЙІК, ҚАРТАЙҒАНДА ҚАМҚОР БОЛЫП, ЕШ УАҚЫТ ЖАЛҒЫЗ ҚАЛДЫРМАЙЫҚ.





## МЕНИҢ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҒЫМ ДӘРИГЕР

МҰРАТ ИБРАҺИМ  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

МЕНИҢ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҒЫМ – ДӘРИГЕР. ДӘРИГЕР ЖАУАПКЕРШІЛІК ТІ, ШЫДАМДЫЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕТІН МАМАНДЫҚ. ДӘРИГЕРЛЕР АДАМДАРДЫ, ЖАНУАРЛАРДЫ ЕМДЕЙДІ. ДӘРИГЕР АДАМ АҒЗАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТЫ ЖҰМЫСЫН САҚТАП, АУРУДЫҢ АЛДЫН-АЛУ ЖӘНЕ ЕМДЕУДЕ ӨЗИНІҢ ДАҒДЫЛАРЫ, БІЛІМІ МЕН ТӘЖІРИБЕСІН ҚОЛДАНАТЫН АДАМ. ОНДА ЖОҒАРЫ БІЛІМНІҢ МІНДЕТТІ ТҮРДЕ БОЛУЫ ЖӘНЕ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ЖАҒДАЙДА ҚОСЫМША КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. ӘЛЕМНІҢ КӨПТЕГЕН ЕЛДЕРІНДЕ ЖЕРГІЛІКТИ БІЛІК ОРГАНДАРЫНЫҢ ДӘРИГЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ РҰҚСАТЫ НЕМЕСЕ ТИІСТІ БІЛКІЛІГІ ТАЛАП ЕТІЛЕДІ. МЕН БҰЛ МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАҒАН СЕБЕБІМ, МАҒАН АДАМДАРҒА КӨМЕК БЕРГЕН ҰНАЙДЫ.



# МЕН ПРЕЗИДЕНТ БОЛАМЫН

СЕРІКБАЙ ДАНЫШПАН  
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ №5 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІНІҢ  
4 «Ә» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ



МЕН БОЛАШАҚТА ЕЛІМНІҢ ПРЕЗИДЕНТІ БОЛУДЫ АРМАҢДАЙМЫН. ПРЕЗИДЕНТ – ЕЛДІҢ БАСШЫСЫ ҒАНА ЕМЕС, ХАЛҚЫНЫҢ ҚАМЫН ОЙЛАЙТЫН, ӘДІЛ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙТЫН ТҰЛҒА. СОНДЫҚТАН МЕН БҮГІННЕН БАСТАП ЖАҚСЫ ОҚЫП, ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ СЕЗІНУГЕ ҮЙРЕНІП ЖҮРМІН. СЕБЕБІ ҮЛКЕН МІНДЕТТІ АТҚАРУ ҮШІН БІЛІМДІ ДЕ, АҚЫЛДЫ ДА, МЕЙІРІМДІ ДЕ БОЛУ КЕРЕК ДЕП ОЙЛАЙМЫН.

ЕГЕР МЕН ПРЕЗИДЕНТ БОЛСАМ, ЕҢ АЛДЫМЕН БАЛАЛАР МЕН ЖАСТАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАУДЫ ҚОЛҒА АЛАР ЕДІМ. МЕКТЕПТЕР МЕН БАЛАБАҚШАЛАРДЫ КӨБЕЙТІП, БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ ЗАМАНҒА САЙ СПОРТ АЛАҢДАРЫН САЛДЫРҒЫМ КЕЛЕДІ. ӘР БАЛА ҚАЛАДА ДА, АУЫЛДА ДА САПАЛЫ БІЛІМ АЛЫП, ӨЗ ТАЛАНТЫ МЕН ҚАБІЛЕТІН ДАМУЫ ТИІС ДЕП САНАЙМЫН. СОНДАЙ-АҚ МҰҒАЛІМДЕР МЕН ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ЕҢБЕГІН БАҒАЛАП, ОЛАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫН КӨТЕРУГЕ КҮШ САЛАР ЕДІМ.

СОНЫМЕН БІРГЕ ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ – МЕНІҢ БАСТЫ МАҚСАТТАРЫМНЫҢ БІРІ БОЛАР ЕДІ. ОРМАН МЕН ӨЗЕН-КӨЛДЕРІМІЗДІ ТАЗА САҚТАУ ҮШІН АРНАЙЫ ЗАҢДАР МЕН ЖОБАЛАР ЖАСАР ЕДІМ. АДАМДАРДЫҢ БІР-БІРІНЕ ҚҰРМЕТПЕН ҚАРАП, БІРЛІКТЕ ӨМІР СУРУІ МЕН ҮШІН ӨТЕ МАҢЫЗДЫ. ПРЕЗИДЕНТ РЕТІНДЕ МЕН ХАЛҚЫМНЫҢ СЕНІМІН АҚТАП, ЕЛІМДІ ДАМУҒАН, ТЫНЫШ, БАҚЫТТЫ МЕМЛЕКЕТКЕ АЙНАЛДЫРУҒА БАР КҮШІМДІ ЖҰМСАР ЕДІМ.



## ҰСТАЗ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ!

БАЙҒАБЫЛ АЙЫМ БЕКТҰРСЫНҚЫЗЫ  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ, ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ, БЕКАРЫСТАН БИ АУЫЛЫ ҮРМӘШ  
ТҮКТІБАЕВ АТЫНДАҒЫ №24 ОРТА МЕКТЕПТІҢ 4 «Б» СЫНЫП ОҚУШЫСЫ

Болашақ бүгіннен басталады. Мені қазірден бастап болашақта кім болғым келеді, мамандықты қалай дұрыс таңдаймын деген сұрақтар мазалайды. Бірақ, мен кішкентай кезімнен бастап мұғалім болғым келетінін іштей сеземін.

Ұстаздық – есімі шәкірттерінің мәңгі есінде сақталатын, әлемдегі ең жақсы мамандықтардың бірі. Мұғалім болу кез келген адамның қолынан келе бермейді. Оған көптеген жақсы қасиеттердің керек екені анық.

Мұғалім мамандығын таңдаған адамның тұла бойынан үлкен жауапкершілік, ұстамдылық, парасаттылық және ізгілік секілді ізгі қасиеттер табылуы керек деп ойлаймын. Осындай биік жауапкершілікті сезіне білген адам ғана жақсы ұстаз бола алады. Оқушыларды білім нәрімен сусындатып, дұрыс жол көрсететін тұлға, ол әрине – ұстаз. Кез келген мамандықтың иесі ұстаздан білім мен тәлім-тәрбие алып, болашаққа жол табады.



Біздің өмір сүріп жатқан қоғамда барлық мамандықтың түрі жақсы. Ең бастысы, сол мамандықты өз жүрегіңнің қалауымен таңдай білу өте маңызды. Жақсы маман болу үшін ең алдымен жақсы оқу керек. Тәртіп, жауапкершілік мәселесін де басты орынға қойған абзал.

Өмірде мамандық таңдаудан қателеспей керек. Қандай мамандық таңдасаңыз да, оған махаббатпен, сүйіспеншілікпен және асқан жауапкершілікпен қарау керек деп ойлаймын. Мен мектепте тәлім-тәрбие берген өз ұстаздарымды жақсы көремін. Ұлағатты ұстаздарыма еліктеп, болашақта жақсы шәкірттер тәрбиелейтін мұғалім болғым келеді!

# МЕН БОЛАШАҚ ӨРТ СӨНДІРУШІ

ІЛЕСБЕК НУРИСЛАМ  
Қызылорда қаласы №5 мектеп-лицейінің  
4 «Ә» сынып оқушысы



Ғаламдағы ең қауіпті мамандықтардың бірі – өрт сөндіруші қызметі. Нағыз ер азаматтарға тән мамандық жүректілік пен батылдықты талап етеді. Күнде өлім мен өмірдің арасында арпалысып жүрген батырлардың құрал-саймандары сақадай сай, дайындықтары жоғары деңгейде болуы керек. Себебі, бұл іс сәл мүлт кетуді кешірмеуі мүмкін. Тәуліктің кез келген уақытында, аптап ыстық пен қақпаң аязда ол отқа да, суға да түседі. Олардың санасына «құтқару» деген ұғымның сіңіп қалғаны соншалық – әрдайым тілсіз жаумен бетпе-бет келуге дайын

